

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Стратегиялық жоспарлау және сапа комитеті мәжілісінің
№1 хаттамасы

Түркістан қ.

19.10.2018 ж.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын және комитет ережесін қабылдау; (*Жауапты – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев*)
2. Университеттің миссиясын, сапа Саясатын актуализациялау; (*Жауапты – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев*)
3. 2018-2019 оқу жылына сапа бойынша мақсаттарының жобасын қабылдау; (*Жауапты – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев*)
4. 2018-2019 оқу жылында қабылданған магистранттар мен докторанттардың зерттеу жұмыстарының бағыты бойынша жетекшілері мен тақырыптарына және шетелдік жетекшілеріне ұсыныстар беру туралы; (*Жауаптылар – Факультет декандары, Ғылым істер жөніндегі декан орынбасарлары және Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы Г.Балкибаева*);
5. Әр түрлі мәселелер: 2018 жылы қабылданған Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің 5В130100-Жалпы медицина мамандығы Хирургиялық аурулар интернатураның негізгі оқу жоспарын және 1-жылдық жұмыс оқу жоспарына өзгеріс енгізу туралы; (*Жауапты - факультет деканы А.Сариева*). 2018-2019 оқу жылына арналған 6М020300-Тарих мамандығының 2-курстың 1-жылдық жұмыс оқу жоспарына енгізу туралы; (*Жауапты – факультет деканы С.Абжалов*)

Қатысушылар: Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы Ш.Есимова, комитет мүшелері және университет қызметкерлері.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы Ш.Есимова университеттің Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің 2018-2019 оқу жылына арналған комитет мүшелерінің құрамы, оның жұмыс жоспары және комитет ережесінің

жобаларымен таныстырды (тіркелді). Комитет төрайымы жұмыс жоспары қамтитын негізгі бағыттарды атап көрсетті және жұмыс барысына, қажеттілікке орай жұмыс жоспарына толықтырулар енгізілуі мүмкіндігін ескертті. Мәжіліске қатысушылар негізгі бағыттар мен ондағы елеулі өзгерістер бойынша атқарылуы тиіс негізгі іс-шараларды осы жоспарға енгізуді ұсынып, комитет мүшелерінің құрамы, комитет ережесінің баптары бойынша ой-пікірлерін ортаға салды.

Шешім: Дауыс беру нәтижесінде, комитет мүшелерінің құрамы төмендегі кестеге сай қабылдансын.

№	Аты-жөні	Қызметі	Комитеттегі қызметі
1.	Есимова Шолпан Алтынбековна	Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы
2.	Дарибаев Жанали Еркінбекович	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің мүшесі
3.	Балкибаева Гульзира Амангельдиевна	Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің мүшесі
4.	Бөлеев Талант Калдибекович	Кәсіби даму орталығының жетекшісі	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің мүшесі
5.	Куралбаев Алмас Ахметкаримович	Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебінің директоры	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің мүшесі
6.	Ниязов Талғат Жақсыбайұлы	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің мүшесі
7.	Булент Шен	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің мүшесі
8.	Молдалиев Ықылас Сүйіндікұлы	Медицина факультетінің деканы	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің мүшесі
9.	Эфтал Шүкру Батмаз	Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің мүшесі
10.	Баканов Галитдин Баканович	Жаратылыстану факультетінің деканы	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің мүшесі
11.	Көшербаев Талғат Тұрсынбайұлы	Сапа менеджменті секторының меңгерушісі	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің хатшысы
12.	Аширбек Гүлмира Булатовна	Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының жетекші маман	Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің хатшысы

Комитеттің 2018-2019 оқу жылы бойынша жоспарға толықтырулар мен өзгерістер енгізіп, бекітілсін. Комитеттің ережесі қабылдансын.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев, университетіміздің үнемі даму үстінде екендігін алға тартып, университеттің миссиясы мен сапа бойынша Саясатын актуализациялау қажеттілігі жөнінде тоқталды. Университет миссиясының 3 нұсқасы және сапа бойынша саясаттың 2 нұсқасы талқылау үшін комитет мүшелері мен қатысушыларға таныстырылды (тіркелді). Комитет мүшелерінің талқылауы мен ой-пікірлерінің қосуы нәтижесінде, университет миссиясының 3 нұсқасы және сапа бойынша Саясаттың жобасы талқыланды.

Шешім: Университет миссиясының 3 нұсқасы және сапа бойынша Саясаттың жобасы бекітілу үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев, 2018-2019 оқу жылына арналған университеттің сапа бойынша мақсаттарының жобасымен таныстырды (тіркелді). Ол ұсынылып отырған университеттің сапа бойынша мақсаттарының жобасы университеттің Стратегиялық жоспарына сәйкестілігін, мақсаттарды орындау бойынша міндеттер мен көрсеткіштерге өзгерістер енгізілгенін баса айтты және орындалу тиіс көрсеткіштердің әрқайсысының маңыздылығы жөнінде жеке-жеке тоқталды. Комитет мүшелерінің талқылауы мен ой-пікірлерінің қосуы нәтижесінде, сапа бойынша мақсаттары жобасының кейбір көрсеткіштеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Шешім: Стратегиялық жоспарлау көрсеткіштеріне негізделген 2018-2019 оқу жылындағы сапа бойынша мақсаттары бекітілсін.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы Ш.Есимова 2018-2019 оқу жылында қабылданған магистранттар мен докторанттардың зерттеу жұмыстарының бағыты бойынша жетекшілері мен тақырыптарына және шетелдік жетекшілеріне факультеттерден жалпы талаптарға сәйкес ұсыныстар келгендігін, әр тақырыпты жеке қарап шыққандығын және тақырыптарды тағы да қайта қарап шығып, толықтырулар енгізу қажеттілігін айтты. Себебі, диссертация - реферат емес, ол мемлекеттік мекемелерге жұмыстарын жақсарту үшін қолдануға жарайтын ғылыми-зерттелген жоба болу керек екендігін, ал қазіргі ұсынып отырған кейбір тақырыптар бойынша жұмыс жасаса, оның күтілетін нәтижесі - кітапханада шаң басып тұратындығына тоқталды. Сонымен қатар, бір жетекшіде бес білімгерден артық болмау керектігін, нормативтен аспау керектігін айтты. Оны айтуға «Физака» кафедрасының меңгерушісі, ф.-м.ғ.д., профессор Т.Турмамбековтің 4

магистрант пен 8 докторантка жетекшілігі себеп болды. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов Т.Турмамбековтің жеке жүктемесі қайта қаралатындығына тоқталды.

Шешім: 2018-2019 оқу жылында қабылданған магистранттар мен докторанттардың жетекшілері мен тақырыптарына толықтырулар ендіріп, түзетілген нұсқасы Сенат мәжілісіне талқылауға және бекітуге ұсынылсын.

5. Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы Ш.Есимова, 2018 жылы қабылданған Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің 5В130100-Жалпы медицина мамандығы Хирургиялық аурулар интернатураның негізгі оқу жоспарына, 1-жылдық жұмыс оқу жоспарына және 2018-2019 оқу жылына арналған 6М020300-Тарих мамандығының 2-курстың 1-жылдық жұмыс оқу жоспарына өзгеріс енгізу және қайта бекітуге факультеттерден ұсыныс келгендігіне тоқталды. Ұсыныс негізінде жоспарлар қайта бекітілетіндігін айтты.

Шешім: 5В130100-Жалпы медицина мамандығы Хирургиялық аурулар интернатураның негізгі оқу жоспарына, 1-жылдық жұмыс оқу жоспарына және 2018-2019 оқу жылына арналған 6М020300-Тарих мамандығының 2-курстың 1-жылдық жұмыс оқу жоспары өзгертіліп, қайта бекітілсін.

Стратегиялық жоспарлау және
сапа комитетінің төрайымы:



Ш. Есимова

Стратегиялық жоспарлау және
сапа комитетінің хатшысы:



Т. Көшербаев